«Келісемін» «Бекітемін»

АББ басшысының м.а.: Д.Нұсқабаева Мектеп директоры: Е.Акбердиев

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін

коммуналдық мемлекеттік мекеме мектебінің

2023-2028 оқу жылдарына арналған даму жоспары

**Мектепті дамытудың перспективалық жоспары**
**(5 жылға арналған)**
**SWOT талдау және диагностикалық құралдарға сәйкес анықталған олқылықтар тізімі**

| **S Күшті жақтары** | **W Әлсіз жақтары** |
|---|---|
| Білім сапасының оң динамикасы, «Алтын белгі» мен «Үздік» аттестат үміткерлер санының оң динамикасы.<br><br>Оқушылар оқу үдерісінің мықты және әлсіз жақтарын сипаттап, себебін анықтай алады. | Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жұмыстарының төмендігі;<br><br>Ерте жастан (7- сынып) бастап оқушының мамандыққа бейімделмеуі;<br><br>Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу үлесінің төмендігі;<br><br>Озат тәжірибе жұмысының әлсіздігі<br><br>Авторлық оқу-әдістемелік құралдардың, бағдарламалардың, әдістемелік құралдардыңдың аздығы;<br><br>Ата-аналардың бала тәрбиелеуде құзыреттілігінің төмендігі. |
| **Мүмкіндіктер** | **Қауіптер** |
| Вариатив бөлігіндегі сағаттар есебінен өткізілетін курстардың мазмұнын қайта қарастыру,оқушылардың қызығушылығына қарай сызу,би,кәсіпкерлік және бизнес,математикалық логика және жаһандық құзыреттілік сабақтарын енгізу;<br><br>Бейіндік 7- сыныптарды ашу есебінен мамандыққа баулу жұмыстарын жүргізу;<br><br>«Жетекші мектеп» аясында педагогикалық оқулар,коучинг өткізу, жетекші мектеппен тығыз байланыста болу;<br><br>Мектептің тәрбие жұмысы жүйесіне «Шаңырақ» бағдарламасын енгізу | Сандық технологиялардың қарқынды дамуы, жұмыс тиімділігінің төмендеуіне әкелуі;<br><br>Таңдау «химия» және «биология» пәндері бойынша оқушылардың сұранысының азаюы;<br><br>Білім беру мазмұнының шамадан тыс жүктелуі, оқуға деген мотивацияның төмендеуіне, шамадан тыс жүктелуі денсаулықтың нашарлауына әкеледі |

**Мектеп миссиясы** Ақпараттық қоғамда әлемнің заманауи жағдайына толық және тиімді қатысуға дайын, өзін-өзі дамытқан бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

**Болашақ бағдары: /көзқарас** Функционалды сауатты,білім алуға құштар, жаңа трендерді меңгерген және мәдениеті қалыптасқан мектеп.

**Стратегиялық мақсаты:**Білім берудегікөшбасшы тұлға заманауи трендтері мен табысты мектеп миссиясын мен мәдениетінің көрсеткіштерін қарастыру.

## 5-жылға арналған мектеп дамуының перспективті жоспары(МДЖ-2)

| Бағыт | 2023-2024ж. | | | 2024-2025ж. | | | 2025-2028ж. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Басымдықтар* | *Мақсат* | *Күтілетін нәтижелер* | *Басымдықтар* | *Мақсат* | *Күтілетін нәтижелер* | *Басымдықтар* | *Мақсат* | *Күтілетін нәтижелер* |
| **Оқу мен оқыту үдерісінде инновацияны ендіру** | Ұжымдық іс-әрекетті дамыту; Мұғалімдердің зерттеу дағдысын жетілдіру<br><br>Инновациялық технологияларды сатылай енгізу: Сабақты зерттеу | Қалыптасқан ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру<br><br>Мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру; | Командалық ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс жасай алады,<br><br>Ортақ мақсатқа жету үшін бірлесіп жоспар құра алады | Іс әрекетті зерттеу<br><br>Геймификация: ойын элементтері арқылы оқытуды қызықты ету. | -Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту,<br><br>Геймификация: ойын элементтері арқылы функционалдық сауаттылығын арттыру; | Сыни ойлау, рефлексия, бірлесе жоспарлау дағдысы қалыптасады, Геймификациялық ойындар зерттеу тобы құрылады | Кіріктірлігген ( STEAM ) бағдарламаларды ендіру, дамыту | Кіріктірлігген ( STEAM) бағадарламаларды ендіру дағдыларын дамыту | Пәндер байланысы артады. |
| **Құндылықтарға бағдарланған тәрбие (1,5,6-** | Тұлғаны ұлттық және жалпыазаматтық құндылық | Оқушылардың өзін - өзі анықтауы мен өзін өзі дамытуына | Командалық жұмыс қалыптасады Көшбасшылығы дамып, | Өзін өзі басқару қабілетін шыңдау. | Біртұтас топтық рухты қалыптастыру. | Шығармашылық, әлеуметтік жобалармен топтық | Оқушы үнін басшылыққа алу | Тұлғаның өз өмір жолын сауатты таңдауына | Көшбасшылық дағдысы қалыптасқан азамат |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| модуль) Құрмет пен Ынтымақтастық) | тарға тәрбиелеуде «Шаңырақ» бағдарламасын негізге алу | мүмкіндік беру | адами құндылығы қалыптасады | | | зерттеу жүргізеді | | ықпал ету. | шығады. |
| Білім беру сапасы (4, 7-модуль) Оқу мен оқыту үдерісінде новацияны инновацияландыру | Іс-әрекеттегі зерттеу сабақ үдерісінде. | «Өзін өзі дамытушы» тұлғаның ұйым мақсаттарын ан жеткізудегі рөлін анықтату. | *«ІӘЗ педагогикалық команда»* құрылады | Іс-әрекеттегі зерттеу командасына әдістемелік қолдау. | Зерттеу, бақылау, командалық дағыларын жетілдіру. | ІӘЗ командасы өз тәжірибелерін таратады | Зерттеуші мектеп орталығын құру | Өз тәжірибесін таратын мектеп қатарынан табылу. | Жаңалықты ұсыну, сынақтан өткізу, тарату |
| Көшбасшылық және басқару (3,4,7-модуль) | - Басшының өзін өзі басқару моделі | Басшылық кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру | Тұлғалық қасиетін сақтаған сындарлы, дербес басшы | Иннов.жобаларды іске асыру арқылы сапалы білім беру | Пед.ұжым мүшелерінің инновациялық қызметіне қолдау көрсету. | Зерттеу негізінде шеберлігін үнемі жетілдіріп отырады. | Басқа мектептерге инновацияны тарату | Зерттеушілік қызметін жүзеге асыру арқылы көшбасшылық қабілеттерін арттыру. | Зерттеу нәтижелерін мақала ретінде рәсімдейді. |
| Педагогтардың әлеуеті (5-модуль) | -Сабақты зерттеу тәсілін енгізуді жетілдіру<br><br>-Іс-әрекеттегі зерттеуді | Мұғалімдерді бірлескен жұмысқа тарту Мұғалімдерге өз тәжірибесі арқылы үйренуге | -30% мұғалімнің зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасады; Мұғалімдердің 30-40%-ы өз тәжірибесін зерттейді, | Коучинг, тәлімгерлік үдерісі арқылы кәсіби біліктілігі арттыру | Сабақты зерттеуді аймақтық мектептерге тарату. | Мұғалімдердің тәжірибесі кеңейеді. | Ұжымдық зерттеу және рефлексия, кәсіби қоғамдастық құру мүмкіндіктерін кеңейту | Іс әрекетті қолға алу арқылы мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі проблемаларды зерттейді | Аймақтағы серіктес мектептерге заманауи ресурстар орталығы бола алады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | енгізу | жағдай жасау; | 10% аймақта тәжірибе таратады. | | | | | | |
| **Қоғамдастық және кәсіби серіктестік (5, 7-модуль)** | Серіктес мектептерме н байланысты дамыту. | Серіктес мектеп педагогтері нің кәсіби дамуына талдау жасау және рефлексия | Серіктес мектептерге дамуға қолдау көрсетіледі | Желілік инновация лық қызмет өнімділігін арттыру. | Мобильді жобалық командалар мен шығармашылық топтар қалыптастыру. | Тәжірибені зерттей отырып, кәсіби кедергілер бойынша рефлексия жасай алады. | Аймақ көлемінде кәсіби білім таратушы мектеп ретінде танылу. | Ұжымның барлық мүшелерін е ұйымдық оқытуды әдістемелік қолдау. | Әрбір оқушының ең жоғарғы нәтижесіне қол жеткізу. |

**Жүзеге асыру процесінде енгізілген өзгерістерді түсіндіру: 300 сөз**

Мектептегі бірінші тәжірбелік-эксперементалды жұмыс кезінде оқыту мен оқу үдерісіне, тәрбие үдерісіне инновациялық идеяларды, көшбасшылықты ендіру арқылы көптеген жұмыстар жасалды. Жүргізілген жұмыстар кері байланыс алу арқылы мониторинг талдау барысында анықталған проблемаларды жеңу үшін мектеп тәжірибесіне инновациялық идеяларды енгізу бойынша командамызбен жоспарымызды үш жылға жасап, кейбір кемшіліктерімізді түзету және жоспарымызды әрі қарай жүргізу мақсатындаперспективалық жоспарды құрдым. Жоспар құруда мектептің ролін басымдыққа алдым.Сондықтан да инновацияларды ендіруде сабақты зерттеу мен ІӘЗ жобасы арқылы мұғалімдердің зерттеушілік дағдысы артып, рефлексия жасай алатынын түсіндім. Мұғалім өз ісіне рефлексия жасай алса, онда мектептегі білім беру сапасы да артады. Жұмысымды ары қарай ойдағыдай жалғастыруға бірден-бір себеп мектебімізге биология,физика,робототехника,СТЕМ кабинеттері келді.Мұғалімдер мен оқушылардың жаңа кабинет, заманауи құрылғыларды пайдалану арқылы қызығушылықтары артатыны сөзсіз.Осы тұста педагогтердің әлеуетін артыруды да зертеу мен ІТ дағдыларын дамытуға бағытталғанкоучингтер мен шебер сыныптар өтуді енгіздім.Инновациялық қызметті ұйымдастыруда мұғалімдердің жеке өзіндік зерттеу қабілеттерін дамытуды қалыптастыруды басты орынға қойдым. Педагогтердің құрамдық қатарынан мобильді жобалық командалар мен желілік шығармашылық топтардың тәжірибесін таратуды көздедім. Проблеманы бірлесе шеше алу дағдысын жетілдіруде топтық талдауға мән бердім. Желілік қауымдастықты мұғалімдер зерттеу мен зерделеу құзіреттілігін арттырса, алдағы уақытта оқушылардың да ғылыми тұрғыда кеңінен және өзіндік талдау жүргізу дағдысын қалыптастыратынына сенім арттым. Инновация жағдайында шығармашылық педагогикалық жұмыстың уәжі рухани және материалдық ынталандыру арқылы қамтамасыз етуді де

алдағы мақсат етіп қойдым. Әрине біздің ұжым үлгермеген, толық тереңіне бойлай алмаған тұстары баршылық. Атап өтсек, «Ең үздік авторлық бағдарлама». Бірақ оларды рефлексия жасау барысында әріптестеріміз болашақта құрып отырған, жоспарға енгізуді жөн көрді.Ал тәрбие бағыты құндылықтарды бойға сіңіру керектігін ескере отырып оқушылардың адами қасиеттерін дамытуда және шығармашылық дағдыларын дамытуда шығармашылық және әлеуметтік жобалар арқылы арттыруды қарастырдым.Алдағы уақытта әрбір оқушыны жеке тұлға деп танып, оның дамуы мен құзіреті жетілген, ғылыми жобаларда өз ойын еркін, ашық айта алатын, сонымен бірге өз уәжін дәлелдер мен дәйектерге негіздеп жеткізе алатын болады. Арнайы дайын инновациялық тәсілдерді оқу мен оқыту процесіне жай енізіп қана қоймай, сол әдістер негізінде кәсіби тұрғыдан шыңдалған ұжымның соңғы үшінші жылдықта дербес инновациялық жобаның авторы болып, тәжірибені аймақтық мектептерге тарата алатын орталық болуды ұжым болып көздеп отырмыз. Ол үшін жоғарыдағы кестеде педагогтердің кәсіби даму ортасын, шығармашылық командасын құру арқылы ғана жете аламыз деп ойлаймын. Басшының дамуы болғанда ғана мектеп дамиды. Бәсекеге қабілетті,өмір бойы білім алуға құштар,Отансүйгіш,рухы мықты,мәдениетті,көшбасшы тұлға тәрбиеленеді деп сенемін.